

Қазақстан Республикасының банктерінде статистикалық есеп беруді ұйымдастыру ережесін бекіту туралы және есеп берудің жаңа үлгілеріне көшу мерзімі туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 1999 жылғы 15 қараша N 347 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 18 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1095. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банк төрағасының 2002 жылғы 24 қазандағы N 420 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының банктік статистикасын ақша-банк статистикасының халықаралық стандарттарына сәйкес келтіру мақсатында, сондай-ақ экономиканы басқару құрылымында болған өзгерістерді және Қазақстан Республикасының банк жүйесін реформалау жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етуді ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Б а с қ а р м а с ы қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының банктерінде статистикалық есеп беруді ұйымдастыру ережесі бекітілсін. Зерттеу және статистика департаменті осы Ережедегі Ведомстволық статистикалық есебінің нысандарын Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігімен келіссін.

2. Заң департаменті (Шәріпов С.Б.) Зерттеу және статистика департаментімен (Г.З. Айманбетова) бірлесе отырып Қазақстан Республикасының банктерінде статистикалық есеп беруді ұйымдастыру ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінен тіркеуден өткізсін.

3. Қазақстан Республикасының банктерінде статистикалық есеп беруді ұйымдастыру ережесі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

4. Зерттеу және статистика департаменті (Айманбетова Г.З.) осы қаулыны және Қазақстан Республикасының банктерінде статистикалық есеп беруді ұйымдастыру ережесін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге тізім бойынша ("Казагропромбанк" ААҚ, "ДАБ " "АБН" "АМРО Банк Қазақстан" ЖАҚ, "HSBC Банк Қазақстан" ЖАҚ ЕБ, " Евразия банкі" ЖАҚ, "Казкоммерцбанк" ААҚ, "Демир Қазақстан Банк" ААҚ, " Қазақстанның" Халықтық Жинақ Банкі" ААҚ, "Нефтебанк" ААҚ, "Сосьете Женераль Банк Қазақстан" ЖАҚ, "Ситибанк Қазақстан" ЖАҚ, "ТехаКаВанк" ААҚ, "Темірбанк" ААҚ, "Банк ТұранӘлем" ААҚ, "Банк ЦентрКредит" ААҚ, " Цеснабанк" ААҚ, "Эксимбанк Қазақстан" ЖАҚ) жіберсін.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалдарының директорлары осы қаулыны және Қазақстан Республикасының банктерінде статистикалық есеп беруді ұйымдастыру ережесін екінші деңгейдегі банктерге (осы тармақтың бірінші азатжолында көрсетілген банктерден басқасына) жіберсін.

5. Ақпарат технологиясы департаменті (Поликарпов О.Ю.) 1999 жылғы 1 желтоқсанға дейін банктердің статистикалық және жедел есеп беру нысандарын бекіту үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлесін.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Төрағасының орынбасары Е.Қ. Бейсембетовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

" К е л і с і л г е н "

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қ а р ж ы

м и н и с т р л і г і

1 8

а қ п а н

2 0 0 0

ж ы л

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ұ л т т ы қ

Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

1 9 9 3

ж ы л ғ ы

1 5

қ а р а ш а д а ғ ы

№ 347 қаулысымен бекітілді

Қазақстан Республикасының банктерінде статистикалық есеп беруді ұйымдастыру ережесі

1-бөлім. Жалпы ереже

1. Қазақстан Республикасы банктерінің статистикалық есебі жалпы мемлекеттік статистиканың құрамдас бөлігі болып табылады және оның мақсаты - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін, мемлекеттік басқару органдарын және басқа тұтынушыларды республикадағы ақша-кредит қатынастары туралы толық және нанымды ақпаратпен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының банктерінде статистикалық есеп беруді ұйымдастырудың осы Ережесі (бұдан әрі - Ереже) екінші деңгейдегі банктердің (олардың филиалдарының) және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің статистикалық және жедел есеп беруді жасау шарттары мен негіздерін, банктердің және олардың құрылымдық бөлімшелерінің статистикалық және жедел есеп беру тәртібі мен нысандарын белгілейді.

2. Банктердің статистикалық және жедел есептері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы бекіткен және Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігімен келісілген көрсеткіштер мен нысандарға сай жасалады.

3. Банктердің статистикалық және жедел есеп беру кезеңділігі, тәсілдері мен тәртібі осы Ереженің "Банктік статистикалық есеп беру нысандарының тізбесі және оларды беру мерзімдері" деген 2-бөліміне сәйкес белгіленеді.

4. Банктер статистикалық және жедел есепті осы Ереженің "Статистикалық есеп беру нысандары" деген 4-бөлімі бойынша және әрбір есептің осы Ереженің "Статистикалық есеп беру нысандарын жасау жөніндегі нұсқаулар" деген 5-бөлімде келтірілген нұсқауларына сәйкес жасайды. Есеп екі данада жасалады, біреуі тапсырылатын адрес бойынша жіберіледі, ал екіншісі есепті жасаған банкте қалады. Статистикалық және жедел есептер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақпарат технологиясы департаменті арқылы TELEX, X-400, ARNA SPRINT электрондық байланысымен жіберіледі. Алматы облысының аумағындағы екінші деңгейдегі банктер мәліметтерді Қазақстан Банкаралық Есеп айырысу Орталығы (ҚБЕО) арқылы береді. "Уәкілетті банктердің биржадан тыс операциялары бойынша мәліметтері" (N 9-БС нысаны), "Уәкілетті банктердің биржадан тыс операциялары бойынша мәліметтері" (N 10-БС нысаны), "Шетел валютасын алып келу/алып кету туралы мәліметтер" (N 15-БС нысаны).

Қажет болған жағдайда жекелеген көрсеткіштердің алдыңғы жылғы есеп беру кезеңінің деректерімен салыстырғанда айтарлықтай өзгерген себебі туралы түсіндірме есептерге қоса беріледі.

Банктің есептерінде дәлдіктің жоқтығы мен қателер анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің уәкілетті бөлімшесі бұл туралы банктің басшысына хабарлайды.

5. Филиалдық желісі бар екінші деңгейдегі банктер есепті жалпы банк бойынша және облыстар бойынша Астана қаласы мен Алматы қаласын жеке көрсетіп жасайды.

6. Статистикалық және жедел есепті басшы, бас бухгалтер, орындаушы, қажет болған жағдайда банктің олардың орнындағы басқа лауазымды жедел есепті басшы, бас бухгалтер тексеріп, қол қояды. Есептерге қолын және визасын қойған адамдар қолданып жүрген заңдарға сәйкес олардың дұрыстығына, толықтығына және уақтылы берілгенділігіне жауап береді.

7. Банктердің статистикалық есептерді жасау және тексеру жөніндегі міндеттер мен өкілеттіктерді белгілі бір құрылымдық бөлімшелерге (немесе жекелеген лауазымды адамдарға) бекітіп берілуін олардың басшылары осы мәселе бойынша тиісті бұйрықтарды (өкімдерді) ресімдеу жолымен жүзеге асырады.

8. Статистикалық есептерді бүге-шігесіне дейін жасау мақсатында банктер қосымша (талдамалық) есеп жүргізу қажет және институционалдық бірліктері үшін кейбір жеке есепшоттарды ашқан кезде мыналарды ескерген жөн:

1) несие есепшоттарын ашқан кезде

- берілетін кредиттің шифрын
кредиттеу объектісінің шифрын
к р е д и т м е р з і м і н
резиденттігін/резидент еместігін
э к о н о м и к а с е к т о р ы н
м е н ш і к н ы с а н ы н
в а л ю т а н ы ң т ү р і н
п р о ц е н т т і к с т а в к а н ы
қызмет түрін (заңды тұлғалар үшін)
шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысаны
- 2) есеп айырысу шоттары мен ағымдағы шоттарды ашқан кезде
резиденттігін/резидент еместігін
э к о н о м и к а с е к т о р ы н
м е н ш і к н ы с а н ы н
в а л ю т а н ы ң т ү р і н
қызмет түрін (заңды тұлғалар үшін)
шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысаны
- 3) сырттан тартылған депозиттер мен салымдар бойынша
резиденттігін/резидент еместігін
салымдар мен депозиттер тарту мерзімін
э к о н о м и к а с е к т о р ы н
в а л ю т а н ы ң т ү р і н

проценттік ставканы

9. Банктердің есептерінің мәліметтері тиісті көрсеткіштерді баланспен, сондай-ақ басқа статистикалық есептердің мәліметтерімен салыстырып тексеру ж о л ы м е н т е к с е р і л е д і .

Банктер есептерді жасап, оларға қол қоятын қызметкерлері есеп беру мәліметтерінің дұрыс бөлінуін осы Ереженің "Статистикалық есеп беру жіктеуімен шифрлары" деген 3-бөлімінің баланстық шоттары, символдары, шифрлары бойынша тексереді, тексерілетін есептердің көрсеткіштерінің алдыңғы датадағы есептердің мәліметтеріне сәйкес екендігін анықтайды.

10. Статистикалық және жедел есептер әрбір нысан үшін белгіленген, осы Ереженің 4-бөлімінде келтірілген бірліктермен жасалады.

Мың теңгемен жасалатын есептерде 501 теңгеден басталатын және одан жоғары сомалар бір мың теңгеге дейін дөңгелектенеді, ал 500 теңгеге дейінгі сомалар есепке енгізілмейді.

Есеп берудегі сомалар қорытындылардың дұрыстығы және статистикалық (жедел) есептер мен баланс мәліметтерінің арасындағы толық сәйкестік сақталатындай есеппен дөңгелектенеді.

11. Екінші деңгейдегі банктер есепті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тиісті филиалдары белгілеген мерзімде орналасқан жеріне қарай Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарына облыстар бойынша Астана қаласы мен Алматы қаласын жеке көрсетіп жасайды.

12. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары жиынтық есептерді облыстар бойынша Астана қаласы мен Алматы қаласын жеке көрсетіп осы Ереженің 2-бөлімінде белгілеген мерзімде тікелей Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Зерттеу және статистика департаментіне береді.

13. Осы Ереженің 2-бөлімінде тізбесі келтірілген екінші деңгейдегі банктер есептерді облыстар бойынша Астана қаласы мен Алматы қаласын жеке көрсетіп осы Ереженің 2-бөлімінде белгілеген мерзімде тікелей Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Зерттеу және статистика департаментіне береді.

14. Бас банктер статистикалық есеп берудің барлық нысандарын салыстырып тексергеннен кейін (екінші деңгейдегі банктердің филиалдары осы нысандардың көшірмелерін орналасқан жеріне қарай Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалына беруге тиіс). Статистикалық есептер бір орталықта жасалған жағдайда (екінші деңгейдегі бас банктер өздерінің филиалдары беретін статистикалық есеп берудің барлық нысандарын салыстырып тексергеннен кейін , осы нысандардың көшірмелерін филиалдарының орналасқан жеріне қарай Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарына өздері беруге тиіс).

15. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақпарат технологиясы департаменті жалпы банк жүйесі бойынша жиынтықталған статистикалық және жедел есептерді облыстар бойынша Астана қаласы мен Алматы қаласын жеке көрсетіп осы Ереженің 2-бөлімінде белгілеген мерзімде тікелей Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Зерттеу және статистика департаментіне береді.

16. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары (екінші деңгейдегі банктер) тиісті банктерде (банктердің филиалдарында) статистикалық және жедел есептерді жасаған және тексерген кезде туындайтын мәселелерді оларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бергенге дейін, белгіленген тәртіппен жиынтық есептерге түзету енгізуді қамтамасыз ете отырып, кейінге қалдырмай анықтауға міндетті.

17. Банктің есептері жіберілгеннен кейін, онда дәлдіктің жоқтығы мен қателер анықталған жағдайда, банк (оның филиалдары) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Зерттеу және статистика департаментіне немесе екінші деңгейдегі тиісті банкке электронды байланыстың кез-келген қолда бар түрі бойынша (X400, ҚБЕО арқылы), TELEX, ARNA SPRINT) кешіктірмей хабарлауға міндетті.

18. Егер есеп беру мерзімі аптаның жұмыс істемейтін күнімен (демалыс, мереке күндерімен) тұспа-тұс келсе, одан кейінгі бірінші жұмыс күн есеп беретін күн деп есептеледі.

19. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары, екінші деңгейдегі банктер банктердің және банктердің филиалдарының статистикалық және жедел есептерді дұрыс жасауын және уақтылы беруін үнемі бақылауды ұйымдастырады, статистикалық есеп беруді жасау жөніндегі жұмыстың ұйымдастырылуын тексереді, есеп жүргізу құжаттарын беру мерзімі мен тәртібін бұзуды жою үшін шара қолданады.

20. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Зерттеу және статистика департаменті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары мен екінші деңгейдегі банктердің статистикалық және жедел есептерінің дәл болуын және оларды уақтылы беруін бақылайды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары мен екінші деңгейдегі банктер статистикалық және жедел есептерді беру мерзімін бұзған және оларды дұрыс жасамаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Зерттеу және статистика департаменті бұзылған ережелер мен қателерді көрсетіп, бұл туралы олардың басшылығына хабарлайды.

21. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қажет болған жағдайда қосымша ақпаратты және екінші деңгейдегі банктердің статистикалық есеп беру нысандарына жатпайтын мәліметтерді сұратып алуға құқы бар.

22. Осы Ереже жеті бөлімді қамтиды:

1 - бөлім "Жалпы ережелер";

2-бөлім "Банктік статистикалық есеп беру нысандарының тізбесі және оны беру мерзімі";

3-бөлім "Статистикалық есеп беру жіктеуімен шифрлары";

4-бөлім "Статистикалық есеп беру нысандары";

5-бөлім "Статистикалық есеп беру нысандарын жасау жөніндегі нұсқау";

6-бөлім "Баланстық шоттардың және статистикалық есеп беру нысандары көрсеткіштерінің сәйкестік кестесі";

7-бөлім "Статистикалық есеп беру нысандарын жасау жөніндегі түсіндірме";

2-бөлімде банктердің статистикалық есеп беруге байланысты құжаттар айналымының кестесін қалай реттейтіні келтірілген.

3-бөлім 10 бөлімшеден тұрады:

1-бөлімше "Қазақстан Республикасы банктік мекемелерінің статистикалық есеп беру құжаттарындағы кредиттеу объектілерінің шифрларының тізбесі";

2-бөлімше "Банктердің заңды және жеке тұлғаларға берген кредиттері бойынша жасалмаған төлемдерінің шифрларының тізбесі";

3-бөлімше "Банктердің заңды және жеке тұлғаларға берген кредиттерінің

шифрларының

тізбесі";

4-бөлімше "Мерзімі бойынша топтастырылған кредиттердің тізбесі";

5-бөлімше "Кепіл түрі бойынша кредиттердің шифрлары";

6-бөлімше "Ішкі экономиканың институционалдық бірліктерінің меншік
нысандарының шифрларының тізбесі";

7-бөлімше "Ішкі экономика шифрлары жеке секторлары және секторлар
тармақтарының тізбесі";

8-бөлімше "Экономика салалары (қызмет түрлері) шифрларының тізбесі";

9-бөлімше "Шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандары";

10-бөлімше "Валюта түрлерінің шифрлары".

4-бөлім банктердің статистикалық есептерінің 15 нысанын қамтиды:

N 1- БС "Депозиттер және солар бойынша сыйақы ставкалары туралы есеп";

N 1 - БС (х/б) "Қазақстан Халық Банкіндегі клиенттердің депозиттері туралы
есеп" ;

N 2- БС "Кредиттер және солар бойынша сыйақы ставкалары туралы есеп";

N 2- БС (ф/ш) "Шаруа (фермерлік) шаруашылықтарға берілген кредиттер мен
олардың сыйақы мөлшерлемелері жөніндегі есеп";

N 3- БС "Клиенттердің несиелері бойынша мерзімі өткен берешектің
қалдықтары туралы есеп" ;

N 4- БС "Банктің кредиттері бойынша мерзімі өткен берешектің қалдықтары
туралы есеп" ;

N 6- БС "Айырбастау пункттерінің қолма-қол шетел валютасын сатып алу/
сату туралы есебі" ;

N 8- БС "Банктің банкаралық кредиттері мен депозиттері жөніндегі есебі";

N 9- БС "Уәкілетті банктердің биржадан тыс операциялары жөніндегі
мәліметтер" ;

N 10- БС "Уәкілетті банктердің биржадан тыс операциялары жөніндегі
мәліметтер" ;

N 11- БС "Айырбастау пункттерінің саны туралы мәліметтер";

N 12-МБС "Банктердің қолма-қол ақша айналымы (кассалық айналым)
туралы есебі" ;

N 12- БС "Банктердің қолма-қол ақша айналымы (кассалық айналым) туралы
есебі" ;

N 15- БС "Шетел валютасын алып келу/алып кету туралы
мәліметтер" ;

N 15- МАА "Металл ақша айналымы туралы есеп";

5- бөлім банктердің жоғарыда аталған статистикалық және жедел есептерінің
нысандарын толтыру жөніндегі он төрт Нұсқаулықтан тұрады.

6-бөлім баланстық шоттардың және банктердің статистикалық есеп беру

нысандарының көрсеткіштерінің төрт жеке сәйкестік кестелерін қамтиды.

7-бөлім статистикалық есеп берудің NN 1-БС, 2-БС, 3-БС, 4-БС нысандарын ж а с а у д ы ң түсіндірмесін және соларды екінші еңгейдегі банктердің балансына қосымшамен (N 7 0 0 - Н нысаны) үйлестіруді қамтиды.

2-бөлім. Банктік статистикалық есеп беру тізбесі және үлгілерді беру мерзімі

P/N!	Статистикалық	!	Үлгі	!	Ұсыну!	Кім ұсынды!	Кімге	!	Статистикалық
	!	есеп үлгінің	!	номері!	кезеңі!		!	ұсынады!	есеп үлгісін
	!	атауы	!		!		!		ұсыну мерзімі

1	Депозиттер және ол бойынша сый. ақы ставкалары туралы есеп	1-БС	Айлық	ҚРҰБ-нің филиалдары	ҚРҰБ-нің Ақпараттық технология.айдың 8 күні	Есепті кезең. нен кейінгі
					сы департа. м е н т і н і ң с т а т и с т и к а . л ы қ е с е п ө н д е у б ө л і . м і н е	
				Екінші дең. гейдегі банктер	ҚРҰБ-нің Ақпараттық технология.айдың 7 күні	Есепті кезең. нен кейінгі
					лар департа. м е н т і н і ң с т а т и с т и к а . л ы қ е с е п ө н д е у б ө л і . м і н е	
				ҚРҰБ-нің Ақпараттық зерттеу жә. не статисти.айдың 9 күні	Есепті кезең. касы депар. таментіне	
					с т а т и с т и к а . л ы қ е с е п ө н д е у б ө л і .	

2 Қазақстан Халық. 1-БС Айлық Қазақстан ҚРҰБ-нің Есепті кезең.
тық Банкіндегі (х/б) Халықтық зерттеу нен кейінгі
клиенттердің де. Банкі және ста.айдың 7 күні
позиттері туралы тистикасы
есеп департа.
ментіне

3 Кредиттер және 1-БС Айлық ҚРҰБ фили.ҚРҰБ-нің Ақ. Есепті кезең.
олар бойынша алдары парат техно. нен кейінгі
сыйақы ставкалары логиясы де. айдың 9 күні
бойынша есеп партаменті.
нің статистис.
калық есеп
өңдеу бөлі.
ментіне

ҚРҰБ-нің Ақ. Есепті кезең.
деңгейдегі парат техно. нен кейінгі
банктер логиясы де. айдың 8 күні
партаменті.
нің статис.
тикалық есеп
өңдеу бөліміне
ҚРҰБ-нің ҚРҰБ-нің Есепті кезең.
Ақпараттық зерттеу жә. нен кейінгі
технология. не статисти. айдың 10 күні
сы департа. ка депар.
ментінің таментіне
статистика.
лық есеп
өңдеу бөлі.

4 Шаруа (фермерлік) 2-БС Айлық ҚРҰБ фили.ҚРҰБ-нің Ақ. Есепті кезең.
шаруашылықтарға (ф/ш) алдары парат техно. нен кейінгі
берілген кредиттер логиясы де. айдың 10 күні
мен олардың сыйақы партаменті.

мөлшерлемелері
жөніндегі есеп

нің статистис.
калық есеп
өңдеу бөлі.
м і н е

Екінші ҚРҰБ-нің Ақ. Есепті кезең.
деңгейдегі парат техно. нен кейінгі
банктер логиясы де. айдың 9 күні
партаменті.
нің статис.
тикалық есеп
өңдеу бөлімі.

н е
ҚРҰБ-нің ҚРҰБ-нің Есепті кезең.
Ақпарат зерттеу жә. нен кейінгі
технология. не статисти. айдың 11 күні
сы департа. ка депар.
ментінің таментіне
статистика.
лық есеп
өңдеу бөлі.
м і

5 Клиенттердің не. 3-БС Айлық ҚРҰБ фили. ҚРҰБ-нің Ақ.Есепті кезең.
сиелер бойынша алдары парат техно. нен кейінгі
кешіктірілген логиясы де. айдың 8 күні
берешектерінің партаменті.
қалдықтары нің статистис.
туралы есеп калық есеп
еңдеу бөлі.
м і н е

Екінші ҚРҰБ-нің Ақ. Есепті кезең.
деңгейдегі парат техно. нен кейінгі
банктер логиясы де. айдың 7 күні
партаменті.
нің статис.
тикалық есеп
өңдеу бөліміне

ҚРҰБ-нің ҚРҰБ-нің Есепті кезең.
Ақпарат зерттеу жә. нен кейінгі

технология. не статисти. айдың 9 күні
сы департа. ка депар.
ментінің таментіне
статистика.
лық есеп
өңдеу бөлі.
м і

6 Банк кредиттері 4-БС Айлық ҚРҰБ фили. ҚРҰБ-нің Ақ. Есепті кезең.
бойынша несиелік алдары парат техно. нен кейінгі
берешек қалдықтары логиясы де. айдың 7 күні
бойынша есеп партаменті.
нің статистис.
калық есеп
өңдеу бөлі.
м і н е

Екінші ҚРҰБ-нің Ақ. Есепті кезең.
деңгейдегі парат техно. нен кейінгі
банктер логиясы де. айдың 6 күні
партаменті.
нің статис.
тикалық есеп
өңдеу бөліміне

ҚРҰБ-нің ҚРҰБ-нің Есепті кезең.
Ақпарат зерттеу жә. нен кейінгі
технология. не статисти. айдың 8 күні
сы департа. ка депар.
ментінің таментіне
статистика.
лық есеп
өңдеу бөлі.
м і

7 Айырбастау пунк. 6-БС Айлық ҚРҰБ фили. ҚРҰБ-нің Ақ. Есепті кезең.
терінің қолма-қол алдары парат техно. нен кейінгі
шетел валютасын логиясы де. айдың 7 күні
сатып алу-сату партаменті.
туралы есебі нің статистис.
калық есеп

өңдеу бөлім
іне
ҚРҰБ-нің ҚРҰБ-нің Есепті кезең.
Ақпарат зерттеу жә. нен кейінгі
технология. не статисти. айдың 8 күні
сы департа. ка депар.
ментінің таментіне
статистика.
лық есеп
өңдеу бөлім.

мі

8 Банктің банкара. 8-БС Апта Екінші дең. ҚРҰБ-нің Ақ. Есепті кезең.
лық кредиттері сайын гейдегі парат техно. нен кейінгі
мен депозиттері банктер логиясы де. екінші жұмыс
бойынша есеп партаменті. күні сағат
нің статис. 16-00 ге
тикалық дейін
есеп өңдеу
бөліміне
ҚРҰБ-нің ҚРҰБ-нің Есепті кезең.
Ақпарат зерттеу жә. нен кейінгі
технология. не статисти. екінші жұмыс
сы департа. ка депар. күні сағат
ментінің таментіне 17-00 ге
статистика. дейін
лық есеп
өңдеу бөлім.
м і

9 Уәкілетті банктер.9-БС Апта Екінші ҚРҰБ-нің Есепті кезең.
дің биржадан тыс сайын деңгейдегі зерттеу нен кейінгі
операциялары уәкілетті және статис. келесі жұмыс
бойынша мәліметтер банктер тика депар. күні сағат
таментіне 17-00 ге
дейін

10 Уәкілетті банктер.10-БС Апта Екінші ҚРҰБ-нің Есепті кезең.
дің биржадан тыс сайын деңгей. зерттеу нен кейінгі

операциялары
бойынша мәліметтер

дегі және статис. екінші жұмыс
уәкілетті тика депар. күні сағат
банктер таментіне 17-00 ге
д е й і н

11 Айырбастау пункт.11-БС Айлық ҚРҰБ фили.ҚРҰБ-нің Ақ. Есепті кезең.
терінің саны ту. алдары парат техно. нен кейінгі
ралы мәліметтер логиясы де. айдың 8 күні

п а р т а м е н т і .
н ің статистис.
к а л ы қ е с е п
ө д е у б ө л і .
м і н е

ҚРҰБ-нің

Қ Р Ұ Б - н ің

Есепті кезең.

Ақпарат зерттеу жә. нен кейінгі
технология.не статисти. айдың 9 күні

сы департа. ка депар.
ментінің таментіне
с т а т и с т и к а .
л ы қ е с е п
ө н д е у б ө л і .
м і

12 Банктердің қолма- 11-БС Айлық ҚРҰБ фили. ҚРҰБ-нің Ақ. Есепті кез.
қол ақша айналым. алдары парат техно. еңнен кейін
дары (кассалық логиясы де. гі 5-ші жұ.
айналымдар) партаменті. мыс күні
туралы есебі нің статис. сағ.16-00.

тикалық ге дейін
е с е п ө н д е у
б ө л і м і н е

Екінші ҚРҰБ-нің Ақ. Есепті кезең.
деңгейдегі парат техно. нен кейінгі

банктер логиясы де. 5-ші жұмыс
партаменті. күні сағат
нің статис. 16-00 ге
тикалық есеп дейін
ө н д е у б ө л і .

			м і н е
	ҚРҰБ-нің	ҚРҰБ-нің	Есепті кезең.
	Ақпараттық	Қолма-қол	нен кейінгі
технология.	ақшамен жұ.	8-ші жұмыс	сы
департа.мыс	жөнін.	күні	сағат
	ментінің	дегі басқар.	16-00 ге
	статистика.	масына	дейін
		л ы қ	е с е п
		ө ң д е у	б ө л і .
		м	і

13 Банктердің қолма- 12-БС Он ҚРҰБ фили. ҚРҰБ-нің Ақ. Есепті кезең.
қол ақша айналым. күндік алдары парат техно. нен кейінгі
дары (кассалық логиясы де. 5-ші жұмыс
айналымдар) партаменті. күні сағат
туралы есебі нің статис. 16-00 ге
тикалық дейін
есе п ө ң д е у
б ө л і м і н е

Екінші ҚРҰБ-нің Ақ. Есепті кезең.
деңгейдегі парат техно. нен кейінгі
банктер логиясы де. 5-ші жұмыс
партаменті. күні сағат
нің статис. 16-00 ге
тикалық есеп дейін
ө ң д е у б ө л і .
м і н е

ҚРҰБ-нің ҚРҰБ-нің Есепті кезең.
Ақпараттық Қолма-қол нен кейінгі
технология. ақшамен жұ. 8-ші жұмыс
сы департа. мыс жөнін. күні сағат
ментінің дегі басқар. 16-00 ге
статистика. масына дейін
л ы қ е с е п
ө ң д е у б ө л і .
м і

14 Шетел валютаны 15-БС Айлық Екінші ҚРҰБ-нің Есепті кезең.
әкелу және әкету деңгейдегі зерттеу нен кейінгі

туралы мәліметтер	уәкілетті	және статис. айдың 5 күні
	банктер	тика депар. сағат 17-00
		таментіне ге дейін

15 Металл ақша айна. 15 - Он Екінші ҚРҰБ-нің Ақ. Есепті кезең.
 лымдары туралы ММА күндік деңгейдегі парат техно.нен кейінгі
 есеп уәкілетті логиясы де. келесі 2/ші
 банктер партаменті. жұмыс күні
 нің статис. сағат 16-00
 тикалық есеп ге дейін
 өңдеу бөлі.
 м і н е

ҚРҰБ-нің зерттеу және статистика департаментіне есеп ұсынушы
 екінші деңгейдегі банктер:

"Казагропромбанк"	ААҚ,
"ДАБ" АБН АМРО Банк Қазақстан"	ЖАҚ,
"HSBC Банк Қазақстан"	ЕБ ЖАҚ,
"Евразия банкі"	ЖАҚ,
"Казкоммерцбанк"	ААҚ,
"Демир Қазақстан Банк"	ААҚ,
"Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі"	ААҚ,
"Нефтебанк"	ААҚ,
"Қазақстан Сосьете Женераль Банкі"	ЖАҚ,
"Қазақстан Ситибанк"	ЖАҚ,
"ТехКаВанк"	ААҚ,
"Темірбанк"	ААҚ,
"Банк ТұранӘлем"	ЖАҚ,
"Банк ЦентрКредит"	ААҚ,
"Цеснабанк"	ААҚ,
"Эксимбанк Қазақстан"	ЖАҚ.

3-бөлім. Статистикалық есеп берудің жектеуімен шифрлары

3-бөлім. Статистикалық есеп берудің жектеуімен шифрлары он бөлімшеден тұрады.

1 -бөлімше. "Қазақстан Республикасының банктік мекемелерінің статистикалық есебіндегі кредиттеу объектілері шифрларының тізбесі".

Бұл тізбе берілген несиелер болашақта пайдаланылатын (немесе

пайдаланылып жүрген) нақты міндеттерді көрсетеді. Кредиттеу объектілерінің шифрлары N 4-БС статистикалық есеп беру нысанында көрсетіледі.

2-бөлімше. "Занды және жеке тұлғаларға банктер берген кредит бойынша жасалмаған төлем шифрларының тізбесі".

Бұл тізбеге мерзімі өткен несиелер бойынша есептелген, бірақ өндіріп алынбаған проценттердің (ұлттық және шетелдік валютамен) мерзімі өткен несиелер есепшоттары (ұлттық және шетелдік валютамен) кіреді. Жасалмаған төлем шифрлары N 3-БС статистикалық есеп беру нысанында көрсетіледі.

3-бөлімше. "Занды және жеке тұлғаларға банк берген кредит шифрларының тізбесі".

Бұл тізбеге несие есепшоттары (ұлттық және шетелдік валютамен) кіреді. Кредиттер шифрлары N 4-БС статистикалық есеп беру нысанында көрсетіледі.

4-бөлімше. "Мерзім бойынша кредиттік тобының тізбесі".

Бұл тізбеде кредит түрлері белгіленген, яғни мерзім бойынша жіктеу, сондай-ақ онкольді кредиттер. Кредиттік топтар N 4-БС статистикалық есеп беру нысанында көрсетіледі.

5-бөлімше. "Кепіл түрі бойынша кредит шифрлары".

Бұл бөлімшеде кепілмен қамтамасыз ететін кредиттер тіркелген.

Кредит шифрлары N 3-БС, N 4-БС статистикалық есеп беру нысанында көрсетіледі.

6-бөлімше. "Ішкі экономиканың институционалдық бірліктерінің меншік нысаны шифрларының тізбесі".

Ішкі экономиканың институционалдық бірліктерінің меншік нысаны шифрларының тізбесі Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес жасалды (1999 жылы 1 қаңтардағы өзгерістермен және толықтырулармен).

Әр клиентке оның құрылтайшы құжаттары негізінде осы тізбеге және мына анықтамаға сәйкес меншік нысанының символы тағайындалады:

мемлекеттік меншік - бұл республикалық және коммуналдық меншік;

Республикалық меншік заң актілеріне сәйкес мемлекеттік республикалық заңды тұлғаларға бекітілген республикалық қазынадан және мүліктен тұрады. Коммуналдық меншік заң актілеріне сәйкес коммуналдық заңды тұлғаларға бекітілген жергілікті қазынадан және мүліктен тұрады;

жеке меншік - азаматтар мен мемлекеттік заңды тұлғалардың және олардың бірлестіктерінің меншігі;

жалпы меншік - олардың жалпы меншік құқығына жататын екі немесе бірнеше адамдардың меншігіндегі мүлік. Мүлік әр меншік иесінің құқық меншігіндегі үлесін (үлес меншігі) белгіленген немесе мұндай үлесі белгіленбеген (бірлескен меншік) жалпы меншікте болуы мүмкін.

Ішкі экономиканың институционалдық бірліктерінің меншік нысаны

шифрларының тізбесі N 3-БС, N 4-БС статистикалық есеп беру нысанында көрсетіледі.

7-бөлім. "Ішкі экономика шифрлары жеке секторлары және секторлар тармақтарының тізбесі".

Экономиканы секторлау әдістемелік қағидасы "БҰҰ Ұлттық Есепшоттарының жүйесінде" (1993 жылғы) және "ХВҚ ақша-кредит және қаржы статистикасы бойынша басшылығында" (1995 жылғы) белгіленген институционалдық бірліктерді халықаралық жіктеуге сәйкес жүзеге асырылады.

Институционалдық бірлік (МБ) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес активтерді иелене алатын, өзіне міндеттеме қабылдай алатын және өндірістік және коммерциялық қызметпен айналыса алатын, басқа экономикалық бірліктермен мәміле жасай алатын шаруашылық бірлік (объект) болып табылады.

Экономика секторы - экономиканың бөлімшелерінің бірі, бұған қызметтерінің негізгі түрі және ұйымдастырылуының құқықтық нысаны бойынша біріктірілген институционалдық бірліктер тобы кіреді.

Секторлар сектор-бөлімшелеріне бөлінеді. Секторларды сектор бөлімшелеріне бөлу өте нақты талдау топтамасындағы статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың қажетіне байланысты. Оның үстіне бұл ақша-кредит статистикасы, төлем балансы және қаржы ағымы статистикасы, сондай-ақ ұлттық есепшоттар жүйесі сияқты статистикалық жүйелердің салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін қажет.

Елдің ішкі экономикасы бес секторға бөлінеді:

мемлекеттік басқару;

қаржылық ұйымдары;

қаржылық емес ұйымдар;

үй шаруашылығына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар;

үй шаруашылығы.

Қаржылық емес ұйымдарының секторы. Бұл секторға қаржылық емес қызмет көрсететін мекемелер кіреді.

11-шифр - қызметкерлер саны шақтаулы кәсіпорындар (шағын кәсіпорындар есепке алынбаған).

12-шифр - шағын кәсіпорындар (шағын кәсіпкерлік - заңды тұлғалар). Заңды тұлғаға айналмаған жеке тұлғалар және жұмысшыларының орташа жылдық саны 50 адамнан аспайтын, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалар шағын кәсіпкерліктің субъектілері болып табылады.

20-шифр - үй шаруашылығына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар секторы. Бұл сектор тауар өндіретін және қызмет көрсететін, бірақ түсім не басқа қаржы игілігін бермейтін кәсіпорындарды немесе әлеуметтік

ұйымдарды қамтиды. Бұған қоғамдық ұйымдары, партиялар, қоғамдық қозғалыстар, діни ұйымдар, қайырымдылық қорлары және басқа қоғамдық ұйымдар қосылады.

Осы секторға үй шаруашылығына қызмет көрсететін ұйымдарды жатқызудың басты белгісі - олардың өнімі (тауарлары және қызмет көрсетуі) тегін немесе экономикалық тұрғыдан мардымсыз болып саналатын бағамен жүзеге асырылатындығы және олардың негізінен өз мүшелерінің салымдарынан және қайырымдық жәрдем есебінен күнелтетіндігі болып табылады.

Бірге тұратын, өз кірістерін, мүлкін (түгелімен немесе ішінара) біріктіретін және тауарлардың және қызмет көрсетудің нақты түрлерін бірлесіп тұтынатын адамдар тобы болып табылатын үй шаруашылықтары секторлары (заңды тұлғаға айналмаған жеке кәсіпкерлер және басқа дербес еңбек ету нысандары), яғни бұған заңды тұлға мәртебесі жоқ отбасылар, жеке басты азаматтар, сондай-ақ кәсіпкерлер жатады.

Бұл секторда 3 түрге бөлінеді:

